



### 1- ФАТИХА СҮРЕСІ

Меккеде түскен, 7 аят. (Бұл сүре: "Әл Фатихатүл Кітап, Үммүл Құран, Сәбғүл Мәсани): Кітаптың кілті, Құранның негізі, қайталанатын 7 аят т.б. аттармен аталады. Сондай-ақ Фатиха сүресі: Аллаға жалбарынудың нағыз бір үлгісі Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. (1) Барлық мақтау бүкіл әлемнің Раббы Аллаға тән. (2) Аса қамқор, ерекше мейірімді.(3)



Қиямет күнінің иесі. (4-С.16-А) (4)  
(Әй Алла!) Саған ғана құлшылық қыламыз, әрі Сенен ғана жәрдем тілейміз! (5)

Бізді тура жолға сала көр! (6)  
Нығметке бөлендіргендеріңнің жолына! (4-С.69-А.)

Ашуға ұшырағандардың және адасқандардың жолына емес! (5-С.78-А.) (7) "Амин"

(Құран кәрим, негізінен алты түрлі күрделі маңызды қамтиды: 1- Алланың барлығы, бірлігі, 2- Пайғамбарлық, 3- Құлшылық, 4- Қиямет, 5- Бұларға сенушілердің жәйі, 6- Сенбеушілердің жағдайы, соңғы екеуі көбінесе қисса түрінде келеді. Мысалы: "2-3-А.": Алланың барлығын, бірлігін, "4-А.": Қиямет күнін, "5-А.": Құлшылықты, "6-А.": Пайғамбарлықты, "7-А.": Сенушілерді, сенбеушілерді қамтиды. Қорыта айтқанда, Құран кәримнің әр аяты немесе сүресі, осы алты түрлі негізгі маңызбен тікелей не жанай түрде ұштасып отырады. Сондықтан Фатиха сүресіне: "Үммүл Құран" делінген. Уаллаһу ағлам.... Ж-Қ.)